



## Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Маусым 2024

Жылдық инфляция 2024 жылғы маусымда 8,4%-ды құрады (мамырда – 8,5%). Азық-түлік тауарлары бағасының жылдық мәнде өсуі 5,4%-ға дейін (мамырда – 5,5%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 7,4%-ға дейін (мамырда – 7,6%) ақылы көрсетілетін қызметтердің бағасы 13,8%-ға дейін (мамырда – 13,9%) дейін бәсеңдеді.

Өңірлер бөлінісінде жылдық инфляция 10 өңірде баяулады, 9 өңірде жеделдеп, 1 өңірде өзгеріссіз қалды. Жалпы республикалық деңгейден жоғары жылдық инфляция 9 өңірде қалыптасты. Инфляцияның ең жоғарғы мәні Қарағанды (10,8%) және Маңғыстау (10,3%) облыстарында тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2023 маусым – 2024 маусым), %-бен

|                     |             |
|---------------------|-------------|
| Қарағанды           | 14,0 — 10,8 |
| Маңғыстау           | 15,6 — 10,3 |
| Астана қ.           | 15,8 — 10,1 |
| Ақмола              | 15,8 — 9,2  |
| Павлодар            | 15,0 — 9,1  |
| Шығыс Қазақстан     | 15,3 — 8,9  |
| Солтүстік Қазақстан | 15,9 — 8,9  |
| Атырау              | 13,7 — 8,6  |
| Жетісу              | 14,7 — 8,6  |
| Алматы қ.           | 14,4 — 8,4  |

|                        |            |
|------------------------|------------|
| Қазақстан Республикасы | 14,6 — 8,4 |
| Ақтөбе                 | 14,4 — 8,2 |
| Батыс Қазақстан        | 14,6 — 8,2 |
| Қостанай               | 14,7 — 8,1 |
| Абай                   | 14,7 — 7,9 |
| Шымкент қ.             | 14,1 — 7,8 |
| Жамбыл                 | 14,5 — 7,2 |
| Қызылорда              | 14,5 — 7,0 |
| Ұлытау                 | 15,9 — 6,9 |
| Түркістан              | 14,4 — 6,7 |
| Алматы                 | 13,0 — 5,5 |

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары елде қалыптасқан деңгейден (ж/ж 5,4%) жоғары Алматы қаласында (7,7%), Ақмола (7,1%), Маңғыстау (7,0%), Жетісу және Ұлытау (6,7%-дан), Солтүстік Қазақстан (6,4%), Шығыс Қазақстан (6,3%), Атырау (6,2%), Қарағанды (5,7%), Батыс Қазақстан және Жамбыл (5,5%-дан) облыстарында қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы елдегі көрсеткіштен (ж/ж 7,4%) жоғары Маңғыстау (14,0%), Қарағанды және Түркістан облыстарында (9,8%-дан), Шымкент қаласында (8,5%), Батыс Қазақстан (8,4%), Ақмола (7,9%), Қызылорда (7,8%) облыстарында және Астана қаласында (7,5%) өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы жалпы республикалық деңгейден жоғары (ж/ж 13,8%) болып мына өңірлерде: Павлодар (18,8%), Қарағанды (18,4%), Ақтөбе (17,4%), Жетісу (16,5%) облыстарында, Астана қаласында (15,9%), Атырау (15,7%), Солтүстік Қазақстан (15,3%), Шығыс Қазақстан және Абай (15,1%-дан), Ақмола (14,6%) және Қостанай (14,1%) облыстарында өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

| Өңір                          | Азық-түлік<br>инфляциясы | Азық-түлік емес<br>инфляция | Ақылы қызметтер<br>инфляциясы |
|-------------------------------|--------------------------|-----------------------------|-------------------------------|
| <b>Қазақстан Республикасы</b> | <b>5,4</b>               | <b>7,4</b>                  | <b>13,8</b>                   |
| Ақмола                        | 7,1                      | 7,9                         | 14,6                          |
| Ақтөбе                        | 4,0                      | 5,8                         | 17,4                          |
| Алматы                        | 3,3                      | 5,5                         | 11,0                          |
| Атырау                        | 6,2                      | 7,2                         | 15,7                          |
| Батыс Қазақстан               | 5,5                      | 8,4                         | 13,0                          |
| Жамбыл                        | 5,5                      | 6,8                         | 12,3                          |
| Қарағанды                     | 5,7                      | 9,8                         | 18,4                          |
| Қостанай                      | 4,6                      | 6,7                         | 14,1                          |
| Қызылорда                     | 4,8                      | 7,8                         | 10,0                          |
| Маңғыстау                     | 7,0                      | 14,0                        | 11,4                          |
| Павлодар                      | 4,4                      | 7,2                         | 18,8                          |
| Солтүстік Қазақстан           | 6,4                      | 7,4                         | 15,3                          |
| Түркістан                     | 3,2                      | 9,8                         | 10,1                          |
| Шығыс Қазақстан               | 6,3                      | 6,9                         | 15,1                          |
| Астана қ.                     | 4,5                      | 7,5                         | 15,9                          |
| Алматы қ.                     | 7,7                      | 5,6                         | 11,5                          |
| Шымкент қ.                    | 3,8                      | 8,5                         | 12,8                          |
| Абай                          | 5,1                      | 5,6                         | 15,1                          |
| Жетісу                        | 6,7                      | 5,6                         | 16,5                          |
| Ұлытау                        | 6,7                      | 6,4                         | 8,2                           |

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы маусымда елдегі **айлық** инфляция **0,4%** болды. Бұл тарихи орташа мәннен<sup>i</sup> (2017-2021 жылдардағы маусымда 0,5%) төмен. Айлық инфляцияның ең жоғарғы мәні Ақмола облысында (1,0%) байқалды.

2-кесте. 2024 жылғы маусымдағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдар кезеңіндегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

| Өңірлер                       | 5 жылғы<br>маусымдағы<br>орташа мән | 2024 жылғы<br>маусым | Өңірлер                  | 5 жылғы<br>маусымдағы<br>орташа мән | 2024 жылғы<br>маусым |
|-------------------------------|-------------------------------------|----------------------|--------------------------|-------------------------------------|----------------------|
| <b>Қазақстан Республикасы</b> | <b>0,5</b>                          | <b>0,4</b>           | Қызылорда                | 0,6                                 | 0,4                  |
| Ақмола                        | 0,6                                 | 1,0                  | Түркістан                | 0,4                                 | 0,4                  |
| Маңғыстау                     | 0,7                                 | 0,9                  | Шығыс Қазақстан          | 0,6                                 | 0,3                  |
| Батыс Қазақстан               | 0,5                                 | 0,7                  | Ұлытау                   | -                                   | 0,3                  |
| Солтүстік Қазақстан           | 0,6                                 | 0,7                  | Қостанай                 | 0,5                                 | 0,2                  |
| Атырау                        | 0,6                                 | 0,5                  | Шымкент қ. <sup>ii</sup> | 0,4                                 | 0,2                  |
| Қарағанды                     | 0,5                                 | 0,5                  | Абай                     | -                                   | 0,2                  |
| Павлодар                      | 0,2                                 | 0,5                  | Ақтөбе                   | 0,4                                 | 0,1                  |
| Астана қ.                     | 0,5                                 | 0,5                  | Алматы                   | 0,5                                 | 0,1                  |
| Жетісу                        | -                                   | 0,5                  | Алматы қ.                | 0,5                                 | 0                    |
| Жамбыл                        | 0,4                                 | 0,4                  |                          |                                     |                      |

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есебі

<sup>i</sup> Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды.<sup>ii</sup> Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы (2019-2021 жж.) орташа мән